



Кавалер французского ордена



За заслуги в области науки и образования, развитие Казахстанско-Французского университетского и научного сотрудничества ректору КазНУ им. аль-Фараби академику Галыму Мутанову присвоено звание кавалера французского ордена Академической пальмовой ветви. От имени премьер-министра Французской Республики награду вручил Генеральный консул посольства Франции в г. Алматы Гийом Наржолле.

новатора и организатора высшей школы. Ректор КазНУ вносит большой вклад в развитие мировой научно-образовательной сферы. Под его умелым руководством активно действует Центрально-Азиатское отделение мониторингового комитета Международного общества инженерной педагогики (IGIP), Казахстанское общество инженерного образования (KazSEE), Национальная академия высшей школы Казахстана. Кроме того, стоит отметить его членство в управляющем совете Института информационных технологий UNESCO», – подчеркнул Генеральный консул Гийом Наржолле.

Ректор казахстанского университета

поблагодарил французских гостей за высокую оценку его работы и награду, выразив уверенность в дальнейшем успешном и плодотворном сотрудничестве в научно-образовательной сфере двух дружественных стран.

КазНУ им. аль-Фараби тесно сотрудничает с 10 ведущими университетами Франции, такими, как Университет имени Роберта Шумана, Национальный политехнический институт Лотарингии, Лионский институт катализа и окружающей среды и другими. Ежегодно преподаватели и студенты КазНУ проходят стажировки, участвуют в научных семинарах и конференциях в этих вузах, проводят совместные

исследования с зарубежными коллегами. Ведущие профессора и ученые Франции приезжают в КазНУ для чтения лекций, осуществляют научное руководство докторантами PhD.

На базе КазНУ им. аль-Фараби создан Казахстанско-Французский научно-образовательный Центр «Геоэнергетика». Он осуществляет подготовку студентов в совместной магистратуре и докторантуре с выдачей дипломов двух стран в области геологии и добычи энергетических ресурсов.

Орден Академической пальмовой ветви учрежден в 1808 году и является старейшей французской наградой, присуждаемой исключительно гражданским лицам. Орден вручается гражданам Франции за достижения в национальной научно-образовательной сфере, а также иностранцам за значительный вклад в развитие науки и образования.

Д.ДЮСЕБАЕВ

Студенческий дискуссионный клуб «Политолог» КазНУ им. аль-Фараби выходит на международный уровень. В его заседаниях принимают участие студенты и преподаватели зарубежных вузов.

Клуб расширяет сотрудничество

На очередной встрече политологов обсуждалась тема: «Что надо знать для успешной работы в системе государственной службы РК?». В ходе заседания были рассмотрены вопросы современного состояния и реформирования государственной службы в Казахстане. Иностранцы рассказали о системе исполнительной и законодательной власти в Китае.

Особенностью дискуссии стало участие в ней гостей из Гонконга (КНР). В работе клуба приняли участие директор программы магистратуры глобальной политической экономики Китайского университета Гонконга Саймон Шен и студенты этого вуза – слушатели летней школы КазНУ по теме «Политическая система РК».

В качестве экспертов выступили представитель департамента общественной информации ООН в РК Властимил Самек, начальник управления по вопросам молодежной политики г. Алматы, доктор PhD Санжар Бокаев и начальник отдела информационно-аналитической работы этого управления Назар Балгимбаев.

По окончании встречи и.о. декана факультета филологии и политологии, профессор З.Н. Исмагамбетова вручила студентам из Гонконга сертификаты и памятные сувениры КазНУ.

Н.А.САИТОВА,
руководитель клуба «Политолог»,
доцент кафедры политологии

Атқарылар іске айқын бағдар

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – қаншама талантты жас тәрбие алып, білім мен ғылымның терең тұңғығынан сусындап ұшқан киелі қара шаңырақ қасиетті орта. 13 мамырда ректор Галым Мутанұлы бастаған ректорат мүшелері университеттің белгілі тұлғаларының бірі, құрметті ҚазҰУ профессоры, ҚР мемлекет және қоғам қайраткері – Ақмарал Қайдарқызы Арыстанбекованы мерейтойымен құттықтады.

Ақмарал Қайдарқызы – ҚР СІМ маңызды тапсырмалар бойынша елшісі, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы елшісі, біздің еліміздің тарихындағы алғашқы әйел-елші, БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының бірінші Тұрақты өкілі, 1999-2003 жылдардағы Франция Республикасындағы ҚР төтенше және өкілетті елшісі. Бүгінде туған университет қабырғасында еңбек етіп жатқан Ақмарал Қайдарқызы өз ризашылығын білдіріп, толғана сөз сөйледі. «Мен химия факультетінің 1966 жылғы түлегімін. Жан-жақты білім берген ұстаздарыма, университетіме шексіз алғыс білдіремін. Себебі, университет оқуды, оқуды сүюді, еңбек етуді үйретті», – деді мерейтой иесі.

Салтанатты құттықтаудан соң орын алған дәстүрлі атаулы шәкіртақы табыстау рәсімі де көпшіліктің мерекелік көңіл-күйіне үстеме болғандай. Кафедралар өз шәкірттерінің ғылымдағы жетістіктерімен бөлісіп, сертификат табыстады.

Ректорат мәжілісінде Аккредитация, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталық директоры

Гүлшарат Салауатқызының факультеттер мен кафедралардың серпінді жобаларын бағалау өлшемдері туралы хабарламасына басты назар аударылды. Серпінді жобалар «Қазақстан-2050 Стратегиясының» Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткен басым бағыттарын жүзеге асыруға арналған ҚазҰУ-дың үлкен бастамасы болып табылады. Сондықтан да бұған дейін бірнеше мәрте қызу талқылауға түсіп, сын-ескертпелер алған жобаларды елеп екшеген баяндамада барлығы 67 серпінді жоба сарапқа түскені айтылды. Оның 45-і инфрақұрылымды қажет етеді. Атап өтерлік жайт, бұл жобалар ұзақ мерзімді және нақты нәтижеге бағытталып отыр. Ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және әлеуметтік түрге бөлінетін серпінді жобаларға қойылатын талаптар – ауқымдылығы, экономикалық және әлеуметтік тиімділігі мен орындалу мерзімі болмақ. Сондай-ақ Гүлшарат Минажева жоба барысында халықаралық келісім-шарт жасаудың талаптары, жарияланымдар мен инновациялық технологиялар төңірегіндегі маңызды мәселелерге де тоқталып өтті.

ҚазҰУ оқытушы профессорлар құрамының жоғары білімі мен біліктілігі, мол тәжірибесі негіз болған серпінді жобалар республикалық және халықаралық деңгейде танылады деп күтілуде. Бұл заманауи үздік білім мен ғылымның ордасы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ел ертеңі үшін қосар зор үлесі болмақ.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНАА:

АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫ –
СТУДЕНТНЕ
ҮЛКЕН ҚОЛДАУ



2-бет

БҮГІНГІ САНАА:

РАВНЯЙСЬ, СМІРНО!



3-бет

БҮГІНГІ САНАА:

СЕРПІЛІС БЕРГЕН
ДЕКАН КУБОГЫ



8-бет

Жуырда ҚазҰУ-да дәстүрлі «Жаңдаев оқулары» аясында «Жер туралы ғылымды зерттеудегі табиғи шарттар мен ресурстардың геоэкологиялық және геоақпараттық аспектілері» атты VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған көптеген ЖОО, ғылыми зерттеу институттарының ғалымдары қатысып, геоморфологияның өзекті мәселелерін талқыға салды.

«Жаңдаев оқулары» өтті

Профессор М.Ж. Жаңдаев – Қазақстандағы геоморфология кафедрасының, яғни жер туралы жаңа ғылымның негізін салушы және оның алғашқы құрушысы. Айта кетуге тиіспіз, Мұқатай Жаңдаев 108-ші авиа полкінің әуе атқыш-радиси болып Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Кейін ҚазМУ-да еңбек еткен жылдары оның ғылыми еңбектері соғыс ардагері және Қазақстан ғалымы ретінде халықаралық деңгейде жарияланған.

Конференцияны ашқан бірінші проректор М.М. Бүркітбаев осы жайлы айта отырып, ғылымдағы ұрпақтар жалғастығы туралы ой айтты.

Табиғатты пайдалану және география факультетінің деканы профессор В.Г. Сальников конференцияны қорытындылай келе, оның тәжірибе бөлісу мен ақпарат алмасудағы және отандық ғылымдағы аса маңыздылығын айтты. Бұл тұста декан конференция барысында Қазақстанның ауа райы мен табиғатындағы деградациялық жағдайды зерттеу кезінде қолданылатын жаңаша технологиялар мен құрастырулар қарастырылып келе жатқанын тілге тиек етті.

А.А.СКАКОВА,
Экология мәселелері
ФЗИ директоры, г.ғ.к.

Ғибратты кездесу

Қай ұлттың, қай халықтың болсын толығып өсуіне рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі, түпқазығы – жоғары оқу орындары. Осы бағытта студенттермен атқарылып жатқан іс-шаралар да аз емес.

Соның бірі физика-техникалық факультетінің плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының оқытушылары А.Т. Габдуллина, А.У. Амренованың ұйымдастыруымен «Ғалымдармен кездесу» атты факультет көлемінде ашық эдвайзерлік сағат өтті. Онда қаламыздағы қазіргі таңда ғарыш әлемін зерттеуге өз үлестерін қосып келе жатқан В.Г. Фесенков атындағы астрофизикалық ғылыми зерттеу институтының доценті В.М. Терещенко қонақта болды. Ол Қазақстандағы астрономия ғылымының дамуы мен болашағы туралы өз ойларымен бөлісті.

Қазақстанда астрономия насихатты, қолдауды қажет ететін салалардың бірі болып саналады. Жастардың бұл мамандыққа келуі тоқсаныншы жылдардан кейін күрт төмендеп кетті.

Бүгінгі күні В.Г.Фесенков атындағы астрофизикалық институт тек еліміздегі ғана емес, Орталық Азиядағы санаулы институттардың қатарына жатады. Доцент В.Г. Терещенконың айтуынша, мұнда қызмет ететіндердің жас айырмашылығы өте алшақ. Яғни жас мамандар тапшы.

Қазақстандағы ғылымның дамуына елеулі дәрежеде өз үлестерін қосып жүрген ғалымдармен кездесіп, сұхбат құру – өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты елін құрметтеуге, ғылымға көңіл бөліп, келешекте Қазақстанға қажетті азамат болып өсуіне өз ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

Ж.М. МОЛДАБЕКОВ,
плазма физикасы және
компьютерлік физика
кафедрасының оқытушысы

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ-СТУДЕНТТЕР САЙЫСЫ

3-5 мамырда Алматы қаласы «Алатау» санаториясында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыруымен «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» деген ұранмен VIII республикалық педагогикалық олимпиада өтті. Оған республикамыздың 14 облысы мен Астана, Алматы қалаларының педагогикалық мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарынан 350-ге жақын болашақ мұғалім-студенттер қатысты.

Олимпиадаға ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің биология-педагогика мамандығы бойынша білім алушы 3-курс студенттері: Ақлес Қалдықараева, Әмина Сүлейменова, Гүлназ Әскербай, Мәншүк Камалова профессор Нұртай Тормановтың жетекшілігімен сайысқа түсті. Екі күнге созылған сайыста ҚазҰУ студенттері алғырлығымен танылды.

Олар сайыс талаптарына сай университет, факультет жетістіктеріне арналған презентация жасады. Сондай-ақ биология пәнін мектепте өткізудің жаңаша формаларын ұсынып, әділқазылардың көңілінен шықты. Нәтижесінде сайыскерлеріміз жақсы нәтиже көрсетіп, II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Н.ТОРМАНОВ,
биофизика және биомедицина
кафедрасының профессоры

Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы

«Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы» атты элективті пән биыл алғаш рет факультетімізде оқытылып отыр. Бұл пәннің негізгі мақсаты – қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы бойынша студенттерге жүйелі ғылыми-теориялық білім бере отырып, алған білімдерін практикалық және лабораториялық әдістерімен сабақтастыру, болашақта ғылыми ізденіске баулу.

Осы мақсатты ұстана отырып пәннің негізін қалаған, оқулығын жазған, бағдарламасын құрастырған ұстазымызбен бірге курстың есте қаларлықтай ерекше өтуі үшін сабақты өткізудің жолдарын бірлесіп ұйымдастырдық. Әр аптаның бірінші сабағында рухани және материалдық лексиканы құрайтын туыстық атаулардың, салт-дәстүр мен ырым-жоралғыға байланысты лексиканың, дерексіз сөздер мен лексиканың, аспан денелері мен амал атауларының, түр-түс атаулары мен ономастикалық жүйенің, өлшем атаулары мен киелі сандар жүйесінің, ұлттық музыка аспап атаулары мен зергерлік өнер лексикасының, киім-кешек атаулары мен қару-жарақ атаулары бойынша он бес апта бойы дәріс оқылды. Қарап отырсақ, бұл тақырыптардың барлығы біздерге таныс. Алайда, сабақ барысында біле бермейтін басқа да атауларға қанық болдық. Мысалы: қолбала – бұрынғы кездерде біреулер туыстық жақындығы жоқ жетім қыздарды асырап, тәрбиелеп өсірген, әртүрлі үй жұмысына пайдаланған. Құдандалы –

қыз алысып, қыз беріскен, сүйек шатысы бар адамдар. Дәл осылар сияқты тың деректер тақырыптық дәрістерде көп кездесіп отырды.

Осы орайда топ студенттерінің пікірін білдіре кетсек. Мөлдір Қыдырбай: «Отбасылық ғұрыптардағы параллельдер» тақырыбына зерттеу жұмысын жасай отырып, өзіме көп мәліметтер алдым. Бұл зерттеу жұмысым халқымыздың мол рухани қазынасымен сусындауға үлкен септігін тигізді».

Бұл пәнде лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, когнитивті-концептуалдық және т.б. әдістемелер негізінде білім алып қана қоймай, халқымыздың рухани және материалдық мұрасының молдығына көзімізді тағы бір мәрте жеткіздік.

Кенжетай КҮРКЕБАЕВ,
ф.ғ.к., доцент;
Зейнегүл ЖҰМАБЕКОВА
филология, өдебиеттану және
өлем тілдері факультетінің
3-курс студенті

Кез келген мемлекеттің басты капиталы – білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген даналықты ескерер болсақ, қазақ жастарының білімге білім мен ғылымға, шығармашылық дамуға, қоғамдық бас-тамалардың жаршысы болуға деген талпынысына дер кезінде қолдау көрсету бүгінде аса маңызды мәселе.

Атаулы шәкіртақы – студентке үлкен қолдау



Осы тұста биылғы 2012-2013 оқу жылының екінші жартысында география және табиғатты пайдалану факультетінің, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы демеушілігімен студенттер – С.Нұрлыбаева, Г. Рымбаева, Е. Жүсіп А. Серғалиқызы, М. Қалдыбековке атаулы шәкіртақы тағайындалды. Шәкіртақы иелері ректорат мәжілісінде марапатталды.

2011-2012 оқу жылында 350 000 теңге көлемінде шәкіртақы берілсе, ал би-

ылғы 2012-2013 оқу жылының екінші жартысында 250 000 теңге атаулы шәкіртақы беріліп отыр.

Атаулы шәкіртақылар студенттерге қуаныш сыйлап, демеу берді десек артық айтқандық болмас. Бұл студенттерге көрсетілген үлкен қолдау, өлеуметтік қамқорлық болып табылады.

Самал НҰРЛЫБАЕВА,
география және табиғатты
пайдалану факультетінің
3-курс студенті

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановқа француздық Пальма бұтағы академиялық орденінің кавалері атағы берілді



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай үш тілді жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып-тәрбиелеу деп атап көрсетті. Елбасының сарабал саясатының арқасында «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы бүгінгі таңда өз нәтижесін беруде. 2011-2020 жылдардағы тілге қарасты жаңа білім бағдарламасы бекітілген. Қазақ, орыс, ағылшын тіліне негізделген бұл бағдарлама аясында квалификациялық мамандар дайындау көзделіп отырғаны мәлім.

Көптілді білім жүйесі – әлемдік деңгейде

Соңғы кездері ҚазҰУ-да білім бағдарламасы өзге елдермен әріптестік бағытта әлемдік деңгейде дамуда. Оның дәлелі ретінде халықаралық университеттер арасында студенттер, магистранттар, мұғалімдер алмасуын айтуға болады. Бұл қадам жобалардың, семинарлардың, конференциялардың, ғылыми зерттеулердің жаңа жолын ашары сөзсіз. Айта кететін жайт, біздің шет тілдер филологиясы кафедрасы меңгеруші Г.Б.Мадиеваның басшылығымен жыл сайын екі халықаралық конференция өткізіп келеді: «Тіл және мәдениетаралық байланыс», «Тіл және жаһандану». Оған қатысушылар – Батыс Еуропаның Гисендік орталығы (Германия), Константин философтың Нитрадағы университеті, ағылшын тілі мен американизмнің кафедрасы (Словакия), КИМЭП (АҚШ және Қазақстан), МАПРЯЛ.

Сонымен қоса жыл сайын өтетін «Шет тілдер апталығын» атап айтуға болады. Шет тілдер филология кафедрасының Жарасова Т., Рыскелдиева Д., Сулейманова С., Ысқақова Г., Қоңырбекова Т. сынды мұғалімдері осыған бар күштерін жұмсауда. Биыл аталмыш шара 1-сәуір мен 5-сәуір аралығында ұйымдастырылды. Апталық аясында студенттердің «Vagitus» журналының тұсауы кесілді. Сондай-ақ қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Жас ұрпаққа өнеге болар бұл қадам ұстаздарымыздың тек білімді де білікті маман ғана емес, адамгершілігі мол, айналасындағы адамдарға қол ұшын әрдайым созуға дайын ізгі ниетті жандар екенін тағы да дәлелдей түсті.

Шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының ф.ғ.к., доценті Т.Т. ДЖАРАСОВА, аға оқытушысы С.А. СУЛЕЙМАНОВА

Наным-сенімнің дәстүрлік маңызы талқыланды

Жақында тарих, археология және этнология факультеті, археология, этнология және музеология кафедрасының «Этнолог» клубының мүшелері және «музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: өткені мен бүгіні» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге қатысушылар қазақ халқының наным-сенімдерінің дәстүрлік мәнінің өткен күнмен байланысын және қазіргі таңда да өз мәнін жоғалтпағаны жөнінде сөз қозғады.

Дөңгелек үстелдің тақырыбына орай кафедра оқытушысы тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Қартаева Тәттігүл Ерсайынқызы студенттерге қазақ халқының наным-сенімдерінің дәстүрлік мәні жөнінде қызықты мәліметтер берді. Мардина Жұмабай «Қазақтың үйлену салты: өткені мен бүгіні жайлы», Рүстем Қайратұлы «Қазақ халқының бақсылық қасиеті», Нодира Ақназарова «Қазақ халқының ас-тағам мәдениетіне байланысты наным-сенімдері», Назерке Мамаева «Қазақ халқындағы қонақ күтудегі наным-сенімдер» атты тақырыптарда баяндама жасады. Ертедегі ұғым бойынша табиғаттағы аң-құс, жануарлардың иесі, киесі, пірі болғандығы туралы айтылып, олардың өміріміздегі маңызы мен мәні әлі күнге дейін өз күшін жоймағандығын өмір көрсетіп

отыр. Сонымен қатар тұсау кесу, сүндет той, бесікке салу, беташар, қыз ұзату және тағы басқа қазақи дүниетанымға байланысты дәстүр жалғастығы туралы ойлар ортаға салынып, пікірлер айтылды. Бұл іс-шара қызықты өту мақсатында студенттер өздерінің ойларында жүрген мәселелерді сұрақ-жауап арқылы талқыға салып, қажетті жауаптарын алды.

Дөңгелек үстелдің мақсаты қазақ халқының тарихындағы маңызды наным-сенімдерге шолу жасай отырып, студенттерге таныстыру, шынайы деректерге сүйене отырып, шындыққа көз жеткізу болды.

Б.Ш. СОЛТИБЕВА

«Этнолог» клубының жетекшісі, аға оқытушы

Ер – елінің қорғаны

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Ауған соғысының ардагері, генерал-майор Нұрғалиев Тұрар Сапарғалиұлымен «Ер – елінің қорғаны» атты кездесу кеші ұйымдастырылды.

Кездесуде ауғандық ардагер Тұрар Сапарғалиұлы өзінің Отан алдындағы етеген әскери борышы туралы баяндай келе, өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалар ерліктері туралы айтып өтті. Тұрар Сапарғалиұлы өзінің өмір жолын, соның ішінде 70-80 жылдары Кеңес армиясы қатарында өткізген кездерін еске алды. Ауған жеріндегі өзі куә болған оқиғалар, жауынгер жолдастарының жанқиярлық істері, Отан алдындағы міндеттерін адал орындаған жерлестерінің ерлік істерінен сыр шертті.

Сонымен қатар ардагер майдан даласындағы қазақстандық жауынгерлердің ерліктері жайында әңгіме қозғап, жастарға патриоттық тәрбие беретін

есіеттерін жеткізді. 1979 жылдың 27 желтоқсанында басталып, 10 жылға жуық уақытқа созылған ауған соғысы талай шаңыраққа ауыр қайғы-қасірет әкелді. Жыл сайын ақпанда сол Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылу күні атап өтіледі. Жас ұрпақ үшін Отанды, туған жерді сүю, оны жанын сала қорғау, жауынгерлік антқа адал болу мен өз міндетін абыроймен орындауда соғыстың зұлмат қасіретін, ауыртпалығын өз бастарынан өткерген Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, ауғандық жауынгер ағаларының ерлік істері үлгі болмақ.

М.Н. АППАКОВА,

ҚазҰУ колледжі директорының оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары



Равняйсь, смирно!

В преддверии Дня победы в КазНУ учащиеся колледжа побывали на военной кафедре. Это одна из самых передовых среди военных кафедр вузов Казахстана, а люди в погонах являются примером служения Родине, образцом мужества и патриотизма.

Во время экскурсии студенты колледжа стали свидетелями подготовки курсантов к праздничному военному мини-параду, затем ознакомились с учебно-материальной базой. Стрельба из автоматов и пистолетов в лазерном тире, знакомство с учебно-боевой техникой, стрелковым вооружением современной армии Казахстана и времен Великой Отечественной войны – все это, по-настоящему, увлекло подростков.

В ходе встречи начальник военной кафедры КазНУ полковник Е.Ишанов рассказал о воспитании у молодежи казахстанского патриотизма, формировании у подрастающего поколения позитивных моделей поведения, подготовке юношей к выполнению конституционного долга в рядах вооруженных сил. «Определенная психологическая подготовка и знание основ военного дела помогают молодым людям быстрее адаптироваться к условиям армейской службы. Выпускники кафедры, призванные в ряды вооруженных сил, добросовестно испол-

няют свои обязанности в соответствии с полученной военной специальностью, продолжая славные традиции военной кафедры КазНУ», – отметил Ерназар Хамидуллоевич.

Полковник кафедры О. Малинкин ознакомил ребят с правилами приема на военную кафедру. «Мы набираем юношей после 1-го курса. По конкурсу проходят только «отличники» и «хорошисты», здоровые и психологически подготовленные студенты. Сейчас мы обучаем и выпускаем специалистов для мотострелковых войск и войск противовоздушной обороны по семи военно-учетным специальностям», – подчеркнул он.

Учащиеся колледжа получили много полезной информации, были впечатлены увиденным и поделились мнениями. Особенно они отметили о большой ответственности, которая возложена на преподавателей военной кафедры КазНУ и их заслуге в деле воспитания защитников Родины.

Р. НУРКАНОВА,

директор колледжа

Состоялся круглый стол «История поляков в Казахстане» с участием Генерального Консула Польши в Алматы В. Осуховским

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың психология кафедрасы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобаларды жүзеге асырушы орталық болып табылады.

Бөтен елде әрбір қадамымыз біз үшін сын

Психологияның университет қабырғасында өркендеуі 1947 жылдан бастау алады. Ал оның ең алғаш 1980 жылы кафедра болып қалыптасуының өзі психология ғылымындағы елеулі өзгерістерінің бірі болып қала бермек. Бүгінгі күні бұл қасиетті жалпы және этникалық психология кафедрасында Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Джакупов, Д.Д. Дүйсенбеков, С.М. Ташимова, С.Қ. Бердібаева, Н.Қ. Тоқсанбаева Э.К. Қалымбетова, Н.С. Жұбаназарова, А.М. Болтаева, М.К. Жолдасбекова және т.б. ұстаздық борыштарын атқарып келеді. Міне, осындай білікті мамандардың өздерінен дәріс, семинарларды тыңдау біз, магистранттар, үшін үлкен мәртебе.

Осы орайда, философия және саясаттану факультетінің, жалпы және этникалық психология кафедрасының магистранты ретінде өзімнің Германия Федеративтік Республикасының Дюссельдорф қаласындағы Халықаралық білім беру мен ғылыми ақпарат орталығына барған оқулық сапарымыздан алған әсеріммен бөліскелі отырмын.

Бөтен елде әрбір басқан қадамымыз біз үшін сын. Ал алдын ала ол елде өзіңді еркін ұстау үшін неміс ұлтының ерекшеліктері туралы көптеген әдебиеттерді парақтадық. Сонымен қоса ол жақтағы өз саламыз психологиямен байланысты «Қазіргі заманғы қоғамдық ғылымдағы басқару мәсе-

лелері» атты оқу курсы болғандықтан, гуманитарлық білімдер шеңберінде лекция оқулары өтті. Бір ерекшелігі неміс ұлтының профессорлары ағылшын тілін жетік меңгерсе де, дәрісті тек өздерінің ана тілінде ғана оқиды екен, ал аудармашылар сіз таңдаған тілге аударып береді. Оқу барысында біз Қазақстанның түпкір-түпкірінен және көршілес Ресей мемлекетінің жоғарғы оқу орындарынан келген оқытушылар мен студенттермен танысып тәжірибе алмастық. Сабақ үстінде қызу дискуссия мен диспуттар өтті. Соның арқасында біз жаңа білім ғана алып қоймай, өзіміздің тәжірибемізде кездескен жағдайларды да талқылаулардан өткізіп отырдық. Психотерапия бойынша қала сыртындағы академияда арнайы психологиялық тренинге қажетті құралдармен жабдықталған ғимаратта 2-3 күн бойы психотерапияны қалай жүргізу керек, оның адам өміріндегі маңызы қандай екендігі туралы профессор Иларион Г. Петцольд дәріс оқып, алған териялық білімнің кері байланысы ретінде тренинг-жаттығулар жүргізді.

Жетістікке жетелеп, биіктерге талпындырған ұстаздарыма айтар алғысым шексіз!

Мадина УСИМБЕКОВА,
психология мамандығының
2-курс магистранты



Оқытушылардың деңгейін халықаралық деңгейге көтеру – заман талабы. Осы орайда маған «LLP/ERASMUS Teaching Mobility Programme» бағдарламасы бойынша Будапешт қаласындағы (Венгрия) Будапешт кампусында орналасқан Янош Кодалани атындағы Қолданбалы ғылымдар университеті ұйымдастырған «3rd KJU International Week» апталығында әр мемлекеттен білім алуға келген студенттерге «The Use of the Internet for the means of Communication» атты тақырыпта сабақ беру бақыты бұйырды.

«Шетелде сабақ беру бақыты бұйырды...»

Сабақ барысында сұрақ-жауап, ой қозғау, талдау, пікір алмасу сияқты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерге негізделген үлестірме қағаздар (handouts), кестелер, слайдтар, интерактивті тақта, жаңа ақпараттық құралдардың тиімділігі жайлы зерттеу мақалалар қолданылды. Дәрістер топтамасына бағдарламадағы тақырып мазмұнын ашатын слайдтар және еліміздің салт-дәстүрі, ҚазҰУ-дың жаңа оқу жүйесі, студенттер өмірі туралы алдын ала дайындалған ақпараттар презентациясы негіз болды.

Әртүрлі мамандықта оқитын студенттердің «Интернет және коммуникация» тақырыбы көтерген мәселелерге қызығушылық танытуы, тақырыпты қабылдауы, топтық, жұптық жұмыс барысында еркін сөйлеуі, өзіндік ой қорытулары сабақтың тиімді ұйымдастырылып, тартымды өтуіне әсер етті. Сабақ мақсаты толықтай жүзеге асты. Әрине, мұндай сәттер оқытушы үшін баға жетпес қазына. Міне, біздің, яғни шетел тілдері оқытушыларының осындай деңгейге дейін көтеріліп, шетелде ағылшын тілінде сабақ жүр-

гізе алатындай дәрежеге жете алу, филология, әдебиеттану және әлем тілдері және журналистика факультеттерінде ұстаздық еткен ұлттық университеттегі жылдар жемісі және отандық білім негізі деп білемін. Біздің «Шетел филологиясы» және «Шет тілі: екі шет тілі» мамандықтары студенттерінің де білім деңгейлері әлемнің түпкір-түпкіріне келіп оқып жатқан халықаралық студенттер деңгейімен пара-пар деуге болады.

«Аталмыш апталықты ұйымдастырудың басты мақсаты Еуропа, Азия елдерінен келген оқытушылармен халықаралық академиялық ұтқырлық пен білім беру жүйесін дамытудағы инновациялық технология, интерактивті тұлғалық брэнд, маркетинг, қос диплом, медиа және коммуникация, «net» желісі, ең бастысы халықаралықтандырудың (internationalization) стратегиясын «workshop» барысында талдау, пікір бөлісу болды.

М.Ә.ЖАҢАБЕКОВА,
шетел филологиясы және
жалпы тіл білімі
кафедрасының оқытушысы

На факультете довузовского образования прошла акция «Болашақ бүгіннен басталады!», в рамках которой был проведен творческий конкурс эссе «Әлем таныған – Қазақстан!» среди иностранных студентов, обучающихся в Казахстане.

Қазақстан глазами иностранцев

о межнациональных отношениях, восхищались успехами Казахстана в экономике, искусстве, культуре и других сферах общественной жизни. Особо была отмечена заслуга Президента РК Н.А. Назарбаева в укреплении мира и согласия в стране, в гармоничном развитии взаимоотношений зарубежными государствами.

Слушатели прочитали на казахском языке отрывки из своих работ, которые были оригинальны и по форме изложения, и по содержанию.

Хочется процитировать отдельные высказывания из конкурсных работ. Так, например, Бигзад Али Ахмад отметил: «Қазақ халқы өте мейірімді, еңбекқор және талапты, сондықтан Қазақстан

мемлекетінің жағдайы өте жақсы. Қазақстанның экономикасы жоғары қарқынмен дамуда, сондықтан жыл сайын басқа мемлекеттерге, сонымен қатар Ауған мемлекетіне де көмектеседі...». Явари Малика высказала следующее мнение: «Қазақстан мемлекетінде 14 облыс және 142 ұлт бар. Олар бір – бірімен әрқашан тату тәтті тұрады».

Среди слушателей казахской диаспоры выделяется работа Истгалди Фатимы. Она приехала из Ирана, свободно владеет персидским и английским языками, а казахским языком – разговорным. И за восемь месяцев обучения в нашем университете она хорошо овладела грамматикой казахского языка.

Сочинение конкурсантов оценивало жюри в составе заместителя директора департамента международного образования М. Амирканова, заведующей кафедрой довузовской подготовки профессора К. Аккушкаровой, президента международного общественного фонда «Жанашар» Ж. Апетовой, представителя акимата города Алматы М. Ахетова.

Члены жюри высоко оценили искренность и своеобразие работ наших слушателей. Лучшим конкурсантам за активное участие были отмечены дипломами и благодарственными письмами.

С. СУЛЕЙМЕНОВА,
старший преподаватель
кафедры довузовской подготовки

25 мамыр – ҚазҰУ Түлектерінің күні. Бұл шара дәстүрлі түрде мамырдың соңғы сөнбісінде аталып өтеді

ЖАҚСЫ ШЫҒАРМА – ЖАН ТАЗАЛЫҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде белгілі қаламгер, «Құрмет» орденінің иегері Смағұл Елубай студенттермен кездесті. Мұнда ол өзінің таяуда жарық көрген замана көші, ХХІ ғасыр Адамы туралы толғаныстар арқау болған «Қиямет қайым ғасыры» («Век страшного суда») атты жаңа жинағы туралы айтты, шығармашылық сырларымен бөлісті. Жаһандық күрделі құбылыстар, рухани дағдарыстар, жазудағы жаңа бағыттар, қаламгер парызы тұрғысындағы мазмұнды әңгімеде қазіргі уақыттың адам баласын толғандырып отырған көкейкесті күйлері қозғалды. Адамзаттың баянды құндылықтары, алдамшыдан арылудың имандылық негіздері, дүние-болмыстың қазіргі заманғы ғылым көз жеткізіп отырған гажайып сырлары туралы мәнді ойлар айтылды.

Кездесуге келгендер тарапынан жаузыға деген сауалдар аз болмады. Бірі Голливудта Аталым бойынша жүлделі орын алған «Аңшы бала» фильмінің сценарийінің қалай жазылғандығына қызығушылық танытса, енді бірі дінтану бағытындағы еңбектерінен сыр қозғап, теологияға бет бұруының себебін сұрады. «Он бір, он екі жастағы кезім болатын. Кішкентай қарындасымның ақ лағын қасқыр жеп кетті. Жиырма жастағы ағайым аңшы болатын. Екеуіміз қасқырды ауға кеттік. Түске шейін жер шолып, түскі кезінде таптық. Апаннан шыға қашқан қасқырға оқ тидіде қайтадан апанға кіріп кетті. Ағайым маған өлген қасқырды алып шық деді. Қорқып тұрсам да, қорқам деп айта алмадым. Еңбектеп кіріп кетіп, өліп жатқан қасқырды сүйреп шықтым. Есімде жүрген сол оқиғаны бүгінгі күнге алып келдім», – дейді «Аңшы бала» фильмінің жазылуына тоқталған Смағұл Елубай. Ал теологияға қатысты сұраққа ол былайша жауап қатты. «Ең алдымен болашақ үшін қорқамыз. Дін негіздерін ұғынудағы сауатсыздықтың ауыр зардаптары бар. Жақында «Иманды қоғам идеясы» атты мақалам шығады. Сонда бірталай мәселеге тоқталдым. Атам заманнан адамшылық қасиеттерін қорғап ғұмыр кешіп келе жатқан ұлтымызды Батыстан, басқадан келген бейберекет сұмдықтар

ырықна көндіріп өкетіп бара жатыр. Қазір тосқауыл қоймасақ, кеш болады. Осы тұрғыда танымдық мәнде де көп дүниелер жазылуы тиіс. Тибет монахтары жазушылықты «үшінші көз» дейді. Жазушы болмыстың байқалмайтын құбылыс, қырларын көреді. Жақсы шығарма – жан тазартады. Көп кітаптар жазылуы керек. Жарықтан от алып, жан-жаққа жүрген желаяқтар сынды пейіл қажет. Адам қараңғылықпен күреске жұмыс істеу керек. Қай заманда да ұлы жазушылар атеист болмаған».

Рухани тоқыраудан қорғанудың қазіргі заманғы бағыттары тұрғысында жан-жақты ой қозғалған, өнерпаз студенттердің ән-күйімен әрлене түскен әсерлі жиынға факультеттің оқытушы-профессорлары З. Бисенғали, А. Жақсылықов, Р. Әбдіқұлова, А. Жүсіпова, Ш. Шортанбай қатысып, Асылан Жақсылықұлы жазушы Смағұл Елубай шығармаларын орыс тіліне аса қызығушылықпен аударып келе жатқандығын айтты. Қызықты кездесу-дәріс соңында жазушы қолтаңба берді. Студенттермен суретке түсті.

Қанипаш МӘДІБАЙ,
қазақ әдебиетінің тарихы
және теориясы
кафедрасының профессоры

Адам – мемлекеттің ең басты байлығы. Ал адамды отбасы тәрбиелейді. Яғни ұрпақ тәрбиесі дегеніміз - мемлекеттің ұстанымы, тұғыры. Олай болса, отбасының құндылығы, бақыты мемлекет үшін ең маңызды мәселе болуы керек. Осы орайда, әлеуметтану ғылымдарының докторы Зәуре Жаназарова және Жанар Нұрбекованың жетекшілігімен жақында әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы «Қазақ отбасы: бүгінгі және болашағы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырып, онда отбасы болашағына қатысты қадау-қадау пікірлер айтылды.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ: бүгінгі және болашағы

Отырысқа ҚМЭБИ университетінің профессоры Кен Харвей (АҚШ), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Мехмет Арслан (Түркия), мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлері, халықаралық ұйымдар мен аймақтық БАҚ өкілдері, кафедра профессорлары, оқытушылары мен студенттер қатысты.

Жиын барысында әлеуметтік жұмыс мамандығының 3-курс студенттері әйел-іскер, әйел-кәсіпкер, әйел-мансап баспадағымен өрлеуші деген ұғымның қалыптасуы туралы баяндама оқыды. Баяндамашылар отбасы мәселелері зерттеулерімен бөлісті. Зерттеу барысында анықтағандай, бүкіл әлемдегі секілді, отбасы институты қазіргі таңда біздің елде де дағдарысты кезеңді бастан кешуде. Толық емес отбасылар мен некесіз туылған балалардың саны азаятын емес, өйткені азаматтардың, әсіресе жастардың елеулі бөлігі шет елдер өмір салтына өліктеп, заңды некеге тұрмай өмір сүреді. Бұл үрдістер көп жағдайда зорлық-зомбылықтың, қылмыстың, аурудың өсуі сияқты жағымсыз әлеуметтік проблемалардың белгі болып отыр. Осы орайда, отбасындағы ер азаматтың мәртебесі, қазақ отбасындағы күйеу бала мен келін функциясы, қалыңмал, қыз алып қашу, өрте немесе кеш неке құру, нарық заманындағы азаматтың неке,

ұлтаралық неке, отбасындағы әйелдердің зорлық-зомбылық көруі жайлы да айтылды. Профессорлар тарапынан отбасы институтын жақсартудың нақты ұсыныстары мен мәселенің шешімі мәлім болды. Профессорлар қауымы жасалған тұжырымдарды қорытындылай келе, бүгінгі қазақ отбасы тәрбиесін жетілдіру мақсатында: «Жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлау мақсатында отбасы тәрбиесі идеяларын университет практикасында жүйелі пайдаланған дұрыс. Сонымен бірге студенттер мен магистранттардың дипломдық және магистрлік ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын отбасы тәрбиесі идеялары бағытында кеңейте түскен жөн», – деген ой түйді. Сонымен бірге дөңгелек үстелде отбасын нығайтып қана қоймай, оны сақтап қалудың жолдары туралы мәселелер сөз болды, Қазақстан Республикасының отбасы-демографиялық сұрақтарына түсінік берілді, жас отбасыларға психологиялық және заң көмегін көрсетудің негізгі проблемалары анықталып, оларды мемлекеттік органдармен, сонымен қатар басқа да қоғамдық құрылымдардың тығыз әрекет етуімен шешу жолдары қарастырылды.

*Әлеуметтік жұмыс
мамандығының
3-курс студенттері*

Қарттар үйі, қатал тағдыр...

Жуырда физика-техникалық факультетінің жылуфизика және техникалық физика кафедрасының оқытушылары және бөлсенді студенттік құрамының ұйымдастыруымен Алматы қаласы, Мамыр-7 ықшам ауданында орналасқан қарттар үйінде бардык. Қарттар үйінде тұрып жатқан қарт апаларымыз бен аталарымыздың қал-жағдайын сұрап, көңілдерін аулап қайттық.

Қарияларға қуаныш сәтін сыйлау – біз үшін де үлкен қуаныш болды. Әсем ән мен әдемі би, күмбірлеген күй сазына бөленген ата-әжелеріміздің жүздеріне нұр құйылғандарын көріп, қуандық.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Аллаһтың разылығы — ата-ананың разылығында, Аллаһтың ашуы ата-ананың ашуында жатыр», – деген. Түсінген адамға бұл сөзде терең мағына бар.

Құран Кәрімде де: «Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық жасауларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуіне де жандарына көрлік жетсе, «түһ» деме (кейіс білдірме), сыпайы сөйле» (Исра сүресі, 23 аят), – дейді.

Елімізде ежелде қазақ «қазына» деп есептеген қарияларымыздың көпшілігі қалған аз ғана өмірін қарттар үйінде өткізуде. Бұл жанды тітіркендірер, жүректі ауыртар жаман үрдіс ежелде қазақта, түркі халықтарында болмаған. Өркениет дамыған ХХІ ғасыр өзімен бірге осындай жаман дертті ала келді.

Алматы қаласы Мамыр-7 ықшам ауданында орналасқан Ардагерлер үйі қазынаға толы. Мұндағы әр ата-әженің тағдыры бір дастан, жазылмаған тарих, өшпес өнеге. Қазір бұл үйде 320 адам өмір сүріп жатыр. Олардың 50-ден астамы қазақ қарттары. Мұнда орыс, татар, ұйғыр, өзірбайжан, украин, көріс, беларус, неміс, грузин, молдаван, мордва, еврей өкілдері де бар. Негізінде көпшілігі орыс ұлты екен.

Қалалық «Ардагерлер үйінің» табылдырығын аттағанда қариялардың жабырқаулы жүздерінен өздерінің жақын туыстары немесе перзенттері іздеп келетіндей көбісінің терезеге телміріп тұрғанын аңғардық. Осы қабырғада

өмір кешіп жатқан қарияларымыздың жағдайымен таныстық. «Ардагерлер үйінің» ұзын дәлізімен жүріп өткенде, жүздерін қат-қабат әжім торлаған, ақ самайлы әже-аталарымызды көрдік. Олардың көрілікке жетіп, қалтырап-дірілдегенде осында келіп тығылып, ажалын күтіп жатқандарын көргенде, қабырғаң қайыспауы мүмкін емес. Мұнда өз перзентіне қажет болмай, осы үкіметтің үйінде орнын тапқан ата-әжелеріміз көп екен. Олардың ішінде қазақ ата-әжелер де аз емес.

Дегенмен, оларға қажетті жағдайдың бәрі ойластырылып, жайлы өмір кешуге барынша мүмкіндік жасалған екен. Бірақ, бұл өз шаңырағында немерелерінің бал тілін естіп, иіскеп өмір кешкенге жетпесі белгілі. Өрине, өз перзенті теріс айналған қарияларымыздың жүрегін тілгілеп, қан жылатқан мұңын, жан азабын өздерінен артық сезініп, түсінетін адам жоқ.

Қарттар үйі – бізге дендеп еніп келе жатқан үлкен дерт. Өкінішке қарай

өлімізде өз балаларынан тірідей айрылған жетім қарияларымыз күннен-күнге көбейіп келеді. Жоғарыда айтып өткендей, өміріміздің соңы осылай аянышты аяқталмау үшін қазірден бастап балаларымыздың тәрбиесіне қатаң мән бөре отырып, оларды имандылыққа, адамгершілікке баулуымыз қажет. Тек сонда ғана өз ата-анасын сыртқа тепкен балалар азайып, ибалы, инабатты келіндер көбейер еді.

Қарттар үйінен ұзап барып, артыма аянышпен көз тастадым...

«Баланы жастан», – дейді атам қазақ. Сондықтан, өскелең ұрпақтың жүрегіне мейірімсіздіктің уын түсірмей, дұрыс тәлім-тәрбие берейік, иман нұрын себейік. Әйтпесе бала тәрбиесіне немқұрайлы қарасақ, сол қарттар үйінен сіз бен біздің де табылмасымызға кім кепіл?! Ойланайық...

А.Е.ТҮРСЫНБАЕВА,
куратор-эдвайзер

15 мая проводится международная конференция «Опыт сотрудничества ООН в Казахстане», посвященная 20-летию присутствия ООН в Казахстане»

Мұқағали Мақатаев жырлары қарапайымдылығымен қасиетті, дәлдігімен дәмді, ой-ырғақ еркіндігімен ерекше, “тілге жеңіл, жүрекке жылылығымен” құрметті де құдіретті. Мұқағали өлеңдерінің рухани астарына үңіліп, рухани күші мен құдіретіне талдау жүргізу, эстетикалық, этикалық тәліміне ден қою, поэма, дастан, толғауларының тарихи-танымдық ұстанымдарына, тәрбиелік, тағылымдық мәніне көңіл бөлу, көркемдік-шеберлік иірімдеріне үңілу оңай шаруа емес. Сондықтан да әрбір студент оның өлеңін қайта-қайта оқып шығуы қажет.

Шындығында оқырманға күш-қайрат сыйламаған, жан-жүрегі баурамаған өлең түкке алғысыз. Оның бәріне жетекші асқақ та адуынды ақын рухы деген үлкен тұжырымға келіп тірейді. М. Мақатаев поэзиясындағы көркемдік жүйенің бір парасы өзі өмір сүрген кездегі ауыл, ел тіршілігі, ұлттық мінез, ұлттық психология, табиғат көріністерінің көркем бейнесін жасауға негізделген.

Мұқағали поэзиясы – ұлттық сананы сілкіп оятатын қуатты дәру, жан-жүйеңе ізгілік нұрын шашатын энергия көзі. Құт-береке құюшы құндылық. Оны қара өлеңнің қарымы, мол мүмкіндігі арқылы танытып отырады. Қара өлең – Мұқағали үшін қазына кені. Ананың ақ сүті, өкенің жасындай арқылдаған жігері, қайрат-күші.

Қазақ поэзиясының эстетикалық байлығы мол, көк жиегі кең. Осы поэзияның асқар Алатауына айналған қазақ халқының ақиқат ақыны Мұқағали Мақатаев – өз өмірін өлеңмен өрген ірі тұлға. Ол біздің дәуіріміздің 60-70 жылдарындағы қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген дарын. Осы жылдары Мұқағали шығармалары көркем тілмен жазылған тұтас бір шежіресі секілді, көз алдыға үлкен бір көркем сурет галереясын жайып салады. Ақын поэзия әлеміндегі әсем де нәзік сезім құдіретін, ақындық музаны қара өлеңмен іздеді.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ және ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Халықтың рухани бай әдеби мұрасынан күш-қуат алған Мұқағали Мақатаевтың қазақ әдебиетіне, қазақ поэзиясына шалқар шабытпен, тегеурінді серпінмен, қаламдас достарының ішінен ерекше өз үнімен оқшау келгені баршаға белгілі. Ақын әлемдегі бар шындықты, ақиқатты өз жырына қосып, қазіргі заман мен тұрмыс сабақтарынан алған ақындық түйсік сезімін тартынбастан тереңнен толғанып, қазақ поэзиясында өзіне тән поэзияның сұлу сарайын тұрғызды. Ақынның екі өмірі бар десек болады, оның екінші мәңгі өмірі өзі жазып қалдырған әдеби мұрасында болмақ.

Мұқағалидың бізге қалдырған асыл мұраларын тұтастай алып қарайтын болсақ, онда олар қазақ әдебиетінде өзінше ерен биік арқасынан қар кетпейтін өркеш жоталы тау болып өз алдына бөлек тұр. Ақиқатында М. Мақатаевтың әртүрлі әдеби жанрларда жазған еңбектері жетерлік. Бүгінде ол мұра тек Мақатаевтың мұрасы ғана емес, бүтіндей халықтың мұрасына, рухани игілігіне айналды. Қазақтың еңбектеген баласынан, еңкейген кәрісіне дейін ақынның өлеңі сезімнің селі мен көңілді

Мұқағали өлеңдерінде түпсіз терең, сұңғыла сыр бар. Ол қарапайымдылығында, бейнелеушілік мүмкіндігінде, шеберлігінің шексіздігінде, даналыққа сұғарылғандығында. Қара өлеңнің күй-сандығын ойнай білген, сөйлете алған жан ғана даласына тартып туған перзенті болмақ. Әр ақынның өлеңі халықтың жүрегіне жол тартатын қара өлеңдей сіңімді, ойға орнықты, өміршең болумен қатар қазақы қанмен, ұлттық намыспен, ұлыстық нәрлі сөлмен жазылуын нұсқағандай. Өзіндік концептуалды көркемдікті көктен іздемей дәстүрлі жырдың ағысынан табуды көздейді. Қара өлеңнен қанаттанған, халықтық мектептен дәріс алған Мұқағали өзін абыз халқының алдында ақынмын деп айтудан жасқанады, ізеттілік сақтап именеді. Мұқағали өлеңінің нанымдылығы, құпия құлпылануы, әсіресе “Күпі кию” – қазақтық белгінің тайға басылған таңбасындай көзге ұрады да ұлтымыздың түр-тұлғасынан хабар береді. Кешегі бітім-болмысы күпімен кескінделсе, бүгінгі түр-сипаты шөкпен киген қалыпқа сыйып қазақ табиғатын тануға мол мүмкіндік береді.

Мұқағали Мақатаев – жырлары поэзия

зия майданына аттанған жас талапкердің де, өлең әлемінде өз қолтаңбасын тапқан ақын-жазушының да, әдебиет зерттеушілерінің де назарын көп аударған дара суреткер. Жыл өткен сайын ақын поэзиясына үніліп, оның нәрін сезініп, қуат алушы ұрпақ қатары артпаса толастамауда. Мұқағали – қазақ халқының әлеуметтік, ұлттық психологиясын жақсы білгендіктен ол әрдайым саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты тез өзгеріп отыратын қайшылықты, қарама-қарсы қоғамдық құбылыстардың куәгері болған. Өйткені ол халықтың қалың ортасында тәрбиеленген, халықпен етене араласқан үлкен азамат. Жақсылық пен жамандық, барлық пен жоқтық сыңылды бір-біріне ымырасыз күштер текетіресі түсіп, тайталасып, арпалысып жатқанын көрген ақын оны – жырларында шынайылықпен көрсетті. Ол өз ұлтының қасиетті тамаша дәстүрін, ұлттық психологиясын, өзіндік өрнек-баяуымен ерекше жырлады. Ақын өнерімен халық өмірінің арасында нық байланыс бар екені оның өлеңдерінен анық көрінеді.

Шын мәнінде, ақынның өнерінде халық даналығының таңбасы бар. Демек,

өнердің жасампаз күші оның халықтан туып, халық қажетіне жарауында жатыр. Өз шығармалары арқылы ақын әдебиеттің халықтығын ту етіп көтерді поэзия бөрінен бұрын халық өмірінің айнасы болуын, поэзияда, бөрінен бұрын халықтық мәні бар келелі шындықтардың суреттелуін көкседі.

Мұқағали Мақатаев – туған жерінің суретін бейнелеуде өзіндік өрнек таныта, өзгеше поэтикалық өлем аша жырлайды. Қазақ даласының табиғатын Мұқағали пәк, таза күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жібектей жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, сол даладағы бабасы өскен Кеңбұлақты ғасырлардан оралған көштерге теңейді. Кейде сарғайған сары белін сәулелі лағылға теңесе, енді бірде с даланың соққан самалынан таңдайына қымыздың дәмі келген.

Бұлдыбай АНАРБАЙ
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

Поэзия

«ХАНТӘҢІРІ»

Қазақ әдебиеті әлемінде өзінің мәңгі өшпес ізін қалдырып қана қоймай, аз ғана ғұмырының ішінде өз есімін аңызға айналдырып үлгерген ғасыр перзенті – Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев. Ақын өз естелігінде болашақ оқырманына өлеңдерін бөліп қарамай, бір тұтас өлемдей қарауын сұраған болатын. Сонда ғана Мұқағали өлемінің сан қырлы тұңғығына сүңгіп, ақын жанын терең түсіне аламыз.

Мұң – ақынмен қатар аталатын ұғым. Мұқағали мұңы – жалпы адам ғұмырының күнгейі мен көлеңкесі, шаттығы мен қасіреті, күлкісі мен қайғысы тайталасқан тынымсыз, қат-қабат тартыс пен сырға толы болмысын паш еткен мұң. «Жаны жара бір жанмын, қаны қара», «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген Абайдан, «Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі, Сондықтан жаным күйіп жанады да» деген Мағжаннан бастау алған мұң сазы Мұқағалида «Жалғыз түп ағаш көріп пе ең, Жабырқап өскен далада», «Емен деп мені бағала», «Мәңгілікке өзіммен ала кеткен, Менің нәзік жанымды кім түсінер» деген сыршыл қалыппен көрінген болатын. Ақын – ақиқаттың, риясыз тазалықтың адамы. Бірақ қоршаған орта, заман, тіршілік қағидалары үнемі тек ақиқатпен, тек ізгілікпен ғана тыныстамасы тағы ақиқат. Уақыты маңдайына тар келіп, заманының қалыбына сыймаған ақындар мұңданбағанда, кім мұңданбақ? Мұқағали мұңы – осында.

Ақынның артында қалған мол мұрасы: “Соғады жүрек”, “Шолпан”, “Жырлайды жүрек”, “Өмір – өзен” т.б. жыр кітаптары, “Қош, махаббат!” атты прозалық кітабы

оқырманның қолдан-қолға түспей, іздеп жүріп оқитын шығармаларына айналды. Өмірді сүюдің ғажайып үлгісін көрсеткен ақын Мұқағали “Жан азасы” (реквием) поэмасында өмір туралы гимн туғызды. “Аққулар ұйықтағанда” поэмасында өлі наным-сенімін қастерлеу, сұлулық үндестігін жыр етсе, “Райымбек, Райымбек!” дастанында ел тарихын, ел басына қатер төнгенде қолына ту алып, жауына қарсы аттанған Райымбек Хангелдіұлының ерлігін суреттейді. М. Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды тақырыпты қамтиды. Ақынның бай шығармашылық мұрасы бүгінде көптеген ғылыми-зерттеу еңбекке арқау болып отыр. Қалай десек те, бүгінгі заман Мұқағали поэзиясын өзге қырынан талдап-тануға серпінді тұдырып отыр. Абай даналығының нәрінен сусындап, Махамбеттің өршілдігіне қаламын жонып, Қасым жырынан от алған Мұқағали бүгінде адамзаттың ақынына айналды.

Оралбек ЫСҚАҚОВ,
тарих, археология және этнология
факультетінің «Мұратану»
студенттер клубының мүшесі

ҚазҰУ-да “Ең үздік топ” байқауы аясында таңғы тренинг өткізілді

Ұстаз – адам тәрбиешісі, кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейтін ерекше кәсіп иесі, адамды адам етуші тұлға. Ұстаз – ол шәкіртінің бойындағы өзге көрмеген, өзгеге байқалмайтын жақсы қасиеттерді көре білетін, оны дамытуға тікелей қатысатын бірден-бір жәрдемші маман. Шәкіртінің бойындағы асыл қасиеттерінің дер мезгілінде ашылуына ықпал етер жанашыр да ақылды жан. Ақын Абай атамыз: «Адамның адамшылдығы ақыл, ғылым, жақсы ана, жақсы ата, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», – деген екен. Аллаға шүкір, туғаннан жақсы атаның шапағатын да, жақсы ананың махаббатын да көріп өсіп келеміз. Ал ғылымды, жақсы ұстазды осы қара шаңырақтан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен таптық десем, артық айтпағаным болар.

Ұстазға құрмет – шәкіртке міндет

Бүгінгі мақаламда болашақ мамандығымның қыр-сырын үйретіп қана қоймай, құқықтық санамыз бен құқықтық тәртібіміздің қалыптасуының іргетасын қалыптастыратын заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының өнегелі ұстаздары жөнінде сөз етпекпін. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші, шәкірт бойындағы біліктілік пен тәрбиелік, өнегелік көбіне ұстазға келіп тіреледі. Ескендір Зұлқарнайын: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», – десе, Абылай хан Төле биді, Шәкәрім асқақ ақын Абайды ұстазым деп, шексіз құрметтеп өткен. Біз де осындай құрметке ие, заң факультетінің негізін қалауға өз үлесін қосқан, ерен еңбектері сіңген, майталман заңгер ағайларымыз бен апайларымызды мақтанышпен еске аламыз. Олардың қатарында: С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, Ғ.С. Сапарғалиев, З.Ж. Кенжалиев, В.А. Ким, А.С. Ибраева, Г.Р. Усеинова, т.с.с. бар. Бұл кісілердің өзінен тікелей дәріс тыңдап, тәлім алмағаныммен, олардың еңбектерін оқу арқылы заң ғылымының терең тұңғығына сүңгуге негіз, бастау беретін білімнен нәр алдым.

Заң факультетінің табалдырығын алғаш аттаған сәттен бастап, әрбір болашақ заңгердің құқықтық фундамен-тін осы кафедра (мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы) ұстаздары қалыптастырады. Білім жинаудың, білгенін басқаға үйретудің, кітап жазу секілді оқу-ағарту ісінің беделін биік қойған кафедра ұстаздары: Кенжалиев Зайлағи Жантуғанұлының, Жарболова Айгерім Жақсылыққызының, Каратаева Айгуль Мұратбайқызының, Тұрсынқұлова Динара Ақанқызының, Көшпенбетов Бахытқали Мұхтарұлының, Исабеков Ақылбек Қашқынұлының біздің алғашқы құқықтық біліміміздің қалыптасуына тигізген үлестері орасан. Аталмыш ұстаздар бізге құқық ғылымының әліппесін үйретіп, бізді бүкіл құқық жүйесінің фундаментін, негізін құрайтын ережелермен таныстырды.

Біздің ұстаздарымыз өз істеріне сауап тұрғысынан көбірек мән беріп, қоғам тәрбиесіне өздерінің жауапты екендіктерін терең сезінеді. Пәнді үйретумен ғана шектелмей, шәкірттеріне өмірлік дұрыс ақыл-кеңес беріп, адамгершілік пен имандылыққа қатар баулып, жүріс-

тұрыс, мінезімен жақсы үлгі көрсетіп жүр. Қажет кезінде дәрістен тыс жағдайларда да алаңдаушылық таныту арқылы шын жанашырлық танытқан кафедра ұстаздарына алғысым шексіз.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының пәндері бойынша факультетте түрлі конференциялар, талқылаулар ұйымдастырылып қана қоймай, «Конституциялық құқық» пәні бойынша тұрақты түрде студенттік үйірме жүргізіледі. Оқуға деген ынтасы мол, өзінің болашақ мамандығын шынайы сүйетін заңгер-студенттер осы үйірмеге асқан қызығушылықтарын танытып келеді. Үйірмеде әрбір студенттің құқық, заң тұрғысынан реттелініп жатқан мәселе жайлы жеке өзіндік ой-пікірі, ұсыныстары қаралып, оны әрі қарай жетілдіруге мүмкіндік жасалады, әрбір заңгердің өмірлік тәжірибесінде ұшырасуы мүмкін мәселелердің оңтайлы шешімі қарастырылады. Маған үйірменің ең ұнайтын тұсы да осы. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының ұстаздары мен студенттер арасында байланыс жақсы орныққан. Ұстаздар алтын уақыттарын біз үшін бөліп, жатақханада түрлі кездесулер ұйымдастырып тұрады. Мәселен, Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясының 20 жылдығына арналған кеш, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін тілге тиек еткен ой-пікір алмасуы біздер үшін маңызды да әсерлі болды.

«Ұстазға құрмет – шәкіртке сын» деген халық даналығы. Егемен еліміздің тірегі білімді ұрпақ болып табылады әрі XXI ғасыр білімділер ғасыры болатындықтан, мен бүгінде өзімнің ҚазҰУ заң факультетінің түлегі екеніме және болашақта қай жерге жұмысқа барсам да Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірдім, аталмыш ұстаздардан тәлім алдым деп мақтанышпен айта алатыныма қуанамын. «Ұстаз бақыты – озып туған шәкірті» дегендей, өз кезегімде ұстаздарыма, заң факультетінің барлық оқытушы қауымына айтарым: аттарыңызды айдай әлемге паш ететін білімді де білікті, кәсіпқой шәкірттеріңіз көбейе берсін!

Әсем САҒЫНБАЕВА,
заң факультетінің
2-курс студенті



«Журналистика – бұл миссия», – дейді журналистика мен мультимедианың бүгінгі үрдістерін бағалаған жазушы, журналист Дебора Кемпбелл. Журналистика әрі кәсіп, әрі міндет. Қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Осы жауапкершілікке студент кезінен баулу, тәрбиелеу – журналист-оқытушының міндеті.

Ақпарат заманының талабы мен тартуы көп. Десек те болашақ журналист үшін ақпараттардың тізгінін еркін меңгеру үшін де ақпараттық технология мен мультимедиалық құралдармен тіл табыса білуі тиіс.

ЖУРНАЛИСТИКА –

әрі кәсіп, әрі міндет

Журналистика факультетінде дәстүрге айналған байқау бар. Ол – ең үздік «Мультимедиалық журналист» атану. Биылғы жылғы байқаудың басты мақсаты – қазақ жастарының рухани құндылығын визуальды коммуникация арқылы насихаттау.

Биылғы байқауға 70-тен астам студент қатысып, шеберліктерін шыңдады. «Тұран» университеті журналистика бөлімінің студенттері биылғы байқауда қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша видеосұқбаттар циклін ұсынса, ҚазҰУ журналистика факультеті студенттері байқауға «Қазақтың да төл биі бар», «Менің универім», «Замандастар», «Мыңнан бір мезет» сияқты мультимедиалық туындыларын ұсынды.

Ғаламтор арқылы жастар арасына тарап кеткен, рухани-моральдық жағынан жастарға ұлттық мәдени құндылықтар мен қазақ биін насихаттауға арналған

фильмнің сюжеті ширақ, негізгі идеясы айқын. Ал келесі фильм киберкеңістіктің жастарды еліктіреті де, есіртері бар тағылымдары туралы ой қозғайды.

Студенттік байқау мәреге жетті. Режиссура, сценарий, фотосуреттер. Міне, студенттер танып, білетін мультимедианың шексіз мүмкіндіктері. Осы мүмкіндіктерді тануға, білуге ұмтылған шебер жастардың қатарында Әбдібек Жәния, Мұстафа Абылайхан, Ниязбекова Аяулым, Қасенова Даны, Серік Гүлжан, Жеңіс Нұрдәулеттер бар.

Журналистика шеберлерді таңдайды. Сондықтан бүгін студенттік студиядан бастау алған тың жобалар мен серпінді идеялар ертең журналистиканың таңдаулы шеберханасына апарар соқпақ болмақ.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
саяси ғылымдарының докторы

Болашақ заңгер өміріндегі кәсіби этиканың маңызы

Кәсіби этика тұлғаның кәсіби қалыптасуында маңызды фактор болып табылады. Сондықтан да заңгердің кәсіби этикасын оқып үйрену оның қызметінің ажырамас бөлігі болып табылатын моральдық және құқықтық сананың дамуына алып келеді.

Біздің университетте заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасында студенттер тек заң мен құқықты ғана емес, сонымен қатар заңгердің кәсіби этикасы дегеніміз не, айналадағы адамдарға қандай қарым-қатынаста болу керектігі, жұмыста жақсы жетістікке жету үшін қандай сапалы қасиеттерге ие болу керектігі жайлы үйренеді. Заңгердің кәсіби этикасы сабағын беру процесі кезінде қатысушы тараптарға ортақ ережелер бекітіледі (басқа адамның пікірін тыңдау және құрметтеу, өз позициясын қорғау, дәлел келтіру және тағы басқалар). Мысалға, өзі туралы студенттің қысқаша әңгімесі немесе салған суреті, сол студенттің моральдық қасиеттеріне мінездеме беруі (оң немесе теріс, өмірлік кредо, болашаққа қоятын мақсаттары және тағы

басқалар) оқытушының және қатысушы позициясының ынтымақтас адамдардың жеке теңқұқықтылық позициясында өзгеру мүмкіндігін көрсететін диалогтық ыңғай қағидасының орнауына мүмкіндік береді. Әрбір студенттің сөзі оқытушымен қатар жолдастарының да көңіл аударуын және құрметін талап етеді. Сол себепті шағын топ алдында сөз сөйлеу логикалық тұрғыда өз позициясын ұстанып, сенімді айғақтар мен өзін қолдауға дәлелдер табуға сенімділік сезімін дамытады. Осындай оқу жұмысын жүргізу екі жақты сенімділік пен құрметке негізделетін оқуға деген оң көңіл күй орнатпақ.

Гүлжан МУХАМАДИЕВА,
құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доцент қызметін атқарушы

Студент жастардың денсаулығын сақтап, нығайту ең өзекті мәселе. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Тек дені сау ел ғана бәсекелестікке қабілетті бола алады».

ТЕК ДЕНІ САУ ЕЛ ҒАНА БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛА АЛАДЫ

Студент жастардың денсаулығы мәселесіне біржақты баға беру қиын. Алайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дене тәрбиесі кафедрасында өткізілген әртүрлі мониторингтер нәтижесінде денсаулық жағынан патологиялық ауытқулары бар студенттер саны жылдан жылға көбейіп бара жатқаны байқалды. Қазіргі таңда 1, 2-курс студенттерінің 25%-ы әртүрлі ауруларға шалдыққан. Айтып кететін жағдай, көбінесе студенттер анамнезінде 2 және одан да көп аурулар кездеседі. Осы себептен дене тәрбиесі кафедрасының оқытушыларымен студент жастарды сауықтырудың тиімді жолдарын іздеп табу және дене жаттығуларымен белсенді түрде айналысуға мотивациясын арттыруға арналған ғылыми-әдістемелік жұмыс тұрақты түрде өткізіледі.

Еліміздегі ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру мақсатында биология және биотехнология факультетінің дене тәрбиесі және спорт кафедрасында «Денсаулық жағынан ақауы бар студенттермен дене жаттығуларын өткізудің физиологиялық негіздемелері» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті. Семинардың теориялық бағдарламасы барысында дене тәрбиесі кафедрасының оқытушылары тарапынан денсаулық жағынан ауытқулары бар студенттермен оқу процесін ұйымдастырудың тиімді әдістері ұсынылды. Бұл әдістерде дене жаттығуларын жасау барысында физиологиялық өзгерістеріне және дене тәрбиесі тәсілдерінің әсерлері механизмдеріне назар аударылған. Еліміздің әр аймағынан келген оқытушылар доцент Г.Х. Рахимбаева және аға оқытушы Н.П. Таганова өткізген емдік дене тәрбиесі және арнайы медициналық топтар студенттерімен сабақ өткізу әдістемесіне және сабақты ұйымдастыруға арналған мастер-класстарына аса қызығушылық білдірді.

Қазіргі таңда дене тәрбиесі кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен оқу процесі барысында студент жастарды сауықтыру тұрғысында белсенді жұмыс өткізілуде.

Н.П. ВИШНЯКОВА,
дене тәрбиесі және спорт кафедрасының аға оқытушысы

Серпіндіс берген Декан кубогы

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болмақ. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол, сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан.

Осыған орай, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орайластырылған заң факультетінің Декан кубогы үшін кафедралар арасында футболдан, волейболдан жарыс өткізілді.



Бұл сайысқа төрт кафедраның оқытушы құрамдары қатты дайындықпен келгені көрінді. Соның ішінде жастары 50-60-қа келсе де спортқа деген ынтасымен заң факультетінің деканы профессор Д.Л. Байдельдинов, С.Т. Тыныбеков, Б.А. Жетпісбаев, Д. Рысқалиев, С. Алдашев және т.б. ерекшеленді.

Жалпы, сайыста факультет кафедраларының оқытушылары аса қарқынмен көзге түсті. Волейболдан қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы 1-орынды иеленсе, ал футболдан декан бастаған құрама кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы бірінші орынды місе тұтты. Барлық командалар арнайы сыйлықтар мен кубоктарға ие болып, ең үздік ойыншылар мадақтамалармен марапатталды.

Ондағы негізгі идея – оқытушыларды салауаттылыққа ынталандыру, дене тәрбиесі мен спортпен айналысуға үгіттеу. Себебі елді күні ертең ілгері апаратын – сауатты, білімді, дені сау жастар. Сондықтан біздің мақсатымыз уақытты тиімді пайдаланып, сапалы қызмет етіп, өмірде өз орнымызды адаспай табуға барлық жағынан дайын болуымыз керек.

Е.Т. НҮРМАҒАНБЕТ,
А.А. БАЗИЛОВА

Алғашқы «ЭЖБЖМ кубогы»

4 мамыр күні ҚазҰУ-дың спорт кешенінде Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Менеджмент және маркетинг», «Есеп және аудит», «Экономика» кафедралары және «Сұңқарлықтардан» құралған топтың арасында тартысты эстафеталық жарыс өтті.

Университетіміздегі «Саламатты және мәдениеті» атты ауқымды жобаның аясында ұйымдастырылған жарысқа қатысушылардың белсенділігінің арқасында эстафета тартысты өтті. 4 турдан тұрған жарыстың әр турында қатысушыларға қызықты тапсырмалар беріліп, әр топтың ептілігі, жылдамдығы, тапқырлығы сыналды. 3-турда әр топтан бір-бір адамнан шығып, гир көтеруден бақтарын сынады. Әр топтың мүшесі намысқа тырысып бақты. 4-турда арқан тартыс ұйымдастырылды. Ең жоғары ұпай жинаған командалар өзара бас

жүлде мен бірінші орынды сарапқа салды.

Тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша бас жүлдені «Есеп және аудит» кафедрасы жеңіп, «ЭЖБЖМ кубогы» табысталды. Бірінші орынды «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы, екінші орынды «Экономика» кафедрасы қанжығасына байлады. Факультетімізде алғаш рет ұйымдастырылып отырған «ЭЖБЖМ кубогы» алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын таппақ.

Г.А. АСҚАРОВ,
менеджмент және маркетинг кафедрасының оқытушысы

Жамақхана жайнап тұр

«Green Campus» жобасы аясында жазда география және табиғатты пайдалану факультеті география және табиғатты пайдалану кафедрасының «Жерге орналастыру» мамандығының 3-курс студенттері құрамындағылар Ақашева Әтірқұл Сапарбеқыұлының жетекшілігімен факультеттің №4 жамақханасы алаңына гүлдер отырғызды. Студенттердің өмісін үй маңайының табиғаты, асаулайша, палуан, қызылдам, раушан сияқты гүл түрлерімен көріктенді түсті. Аталмыш жоба университетімізде орын алғашқы әр оқу пәнаралық және кафедралық деңгейде жүзеге асырылып отырған маңызды әрі қажетті іс-шаралардың бірі болып табылады.

Ұлбала ШЫЛТЫРЗА,
география және табиғатты пайдалану факультетінің 3-курс студенті

«Ашық есік»

Тарих, археология және этнология факультетінің «Ашық есік» күніне қаламыздағы №138, 81, 128 мектеп оқушылары мен тарихшы мұғалімдері келді. Оқушылар факультеттегі студенттік клубтар мен үйірмелерді және 4-курс студенттерінің тәжірибелерін таныстыратын көрмелерді тамашалап, археология және этнография оқу мұражайларымен де танысты. Сондай-ақ, факультеттің археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған тарихи жәдігерлерді баяндаған бейнематериалдар мектеп оқушыларының үлкен қызығушылығын оятты. Талапкерлер осы оқу ордасында мамандануға ниет танытты. Олардың таңдауларына рәсімділік және білдірген факультет басшылығы және оқытушы-профессорлары оларға сәттілік тіледі.

Факультеттің талантты студенттері қонақтарға концерттік бағдарлама ұсынып, қазақтың дәстүрлі күйлерімен, өндерімен, сондай-ақ заманауи өндермен және өздерінің төл туындыларымен бөлісті. Студент Аян Жолдасов өз өлеңдерін студенттер мен оқушыларға оқып, баспадан шыққан кітабын қонақтарға, факультет оқытушыларына, студенттерге сыйлады.

Қарлығаш ЕРҒАЗЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10476

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.